

Кепілдеме - жеке адам туралы өз саласындағы кәсіби шеберлігін, жеткен жетістіктерін сипаттай отырып, сенім білдіретін іс-қағазының бір түрі.

1-үлгі.

Кепілдеме

Тұрдалиева Айман Бекетқызы 1997 жылы, 1 қаңтарда Алматы қаласында туылған. Білімі – жоғары. Ұлты – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматшасы.

2015 жылы Шет тілдері және іскерлік карьера университетінің Қазақ тілі және әдебиеті мамандығына оқуға түсті. Қазір екінші курста оқиды.

Тұрдалиева Айманның адамгершілік қасиеті, адамдармен тіл табысу қабілеті мен жауапкершілігі өте жоғары. Айман өзіне тапсырылған жұмысты ұқыптылықпен атқарады. Өзін таңдап алған мамандығын жақсы көреді. Қазақ тілі сабағына «Менің мамандығым мұғалім» деген тақырыпта баяндама жасады. Бұл баяндамада ол мұғалімдердің елімізбен қоғамда алатын орны мен маңыздылығын, жауапкершілігі туралы баяндады.

Айман – Отанын, тілін сүйетін патриот. Еліміздің мемлекеттік рәміздерін, яғни Елтаңбасын, Туын және мемлекеттік тілін қадірлейді. Қазақ халқының тарихын, мәдениетін, әдебиетін жақсы білуді азаматтық парызым деп санайды. Айман қазақ әдебиеті пәнінен «Қазіргі қазақ тілінің болмысы» тақырыбында курстық жұмысы оның азаматтық тұлғасы айқын көрінді. Қазақ тілі – ана тіліміз, халқымыздың рухани мұрасы екенін, қазіргі жастардың ұлттық құндылықтардан алыстап бара жатқандығы туралы көтерген мәселесі студенттер мен оқытушылардың көңілінен шығып үлкен ықласқа бөлінді.

Сонымен қатар А.Б.Тұрдалиева өз ойын ағылшынша, орысша, қазақша еркін жеткізе алатын үш тұғырлы жас. Айманның жұрттың алдына шығып сөйлеу мәдениеті қалыптасқан, өзін еркін ұстайды.

Қорыта айтқанда, Тұрдалиева Айман Бекетқызын өз елін сүйетін, халқымыз үшін еңбек ете алатын, оның рухани дамуына үлес қоса алатын студенттердің бірі деп бағалаймыз.

Тұрдалиева Айман келешекте еліміздің жан-жақта дамуы мен өркендеуіне өз үлесін қосатынына және ел сенімін ақтайтынына кепілдік беремін.

Кепілдеме беруші:

Шет тілдері және іскерлік карьера университетінің

Тілдер кафедрасының аға оқытушысы

Накипова А.Т.

Қолы

24 мамыр, 2016 жыл

2-үлгі.

Ұсыныс хат

Надилов Фархат Алиутлы 1995 жылы 14 сәуірде Өзірбайжан Республикасынның Баку қаласында туылған.

2002 жылдан бастап Алматы қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы мамандырылған №12 мектеп-гимназиясында өте жақсы үлгеріммен білім алды. Сондай-ақ, осы мектеп жанындағы балалар спорттық үйрмесінің белсенді қатысушысы болды. Бұған Фархаттың үздік білім көрсеткіштері үшін алған «Мақтау қағаздары» мен Алматы қалалық жас-өспірімдер арасындағы жарыстарда алған медалдары дәлел бола алады. 2010-2011 оқу жылынан бастап Алматы қаласындағы «Республикалық физика-математикалық мектепте» білімін жалғастырып бұл оқу орнын да ағылшын тілі, математика, пәндерін оқып-үйренуде ерекше жетістіктер көрсетті. Мектеп қабырғасында жүргенде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлтық университетінің «Механика-математика» факультетінің ұйымдастырылуымен өткізілген математикалық жарыстар мен олимпиадалардың жеңімпазы болды. Сонымен қатар, Шет тілдері және іскерлік карьера университетінің ағылшын тілі бойынша Алматы қалалық тілдер олимпиадасының жүлдегері атанды.

Қазір Надиров Фархат Сүлеймен Димерел атындағы халықаралық университетінің экономика факультетінің 2-курс студенті. Университет қабырғасында білім алу барысында ол өзін өте салмақты, ойлы, талапты да жинақы студент ретінде таныта білді. Мінезі біртоға, сабырлы және өзіндік көзқарасы бар жас тұлға ретінде өзін байқатты. Курстастары мен университет студенттері арасында бедел мен құрметке ие.

Фархаттың жауапкершілік сезімі өте жоғары, өзіне тапсырылған істі жан – жақты ойластырып, шығармашылық тұрғыдан атқаруға тырысады. Оны «Қаржылық жоспарлау» сабақтарындағы өзіндік жұмыстарды орындау барысында байқатты. Ф.А.Надиловтың еңбекқорлығы, талмай ізденгіштігі мен табандылығы арқасында орындаған жұмыстары топ алдында жоғары бағаланады. Сонымен қатар, ол университетің қоғамдық өміріне белсенді қатысады. Ағымдағы жылдың бірінші жартысында Түркия Республикасының «Костомония» университетінде студенттер арасындағы халықаралық ғылыми конференциясында жүлделі орынды иеленіп, мақтау қағазымен марапатталды. Біздің ойымызша, Надиров Ф. А. , келешекте еліміздің экономикалық өрлеуіне өзіндік үлесін қосатындығына сенеміз.

Сондықтан, университетіміздің стипендиясына ұсынысуға лайықты деп сенім білдіреміз.

«Экономика және қаржы»
факультетінің деканы

Д.А. Тайыров

18 қазан, 2014 жыл.